

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ
диссертациялық кеңесінің мамандарды даярлау бағыты бойынша
8D081 – «Агрономия» және 8D083 – «Орман шаруашылығы»
туралы есебі

1. Өткізілген отырыс саны туралы деректер.

2024 жылы Диссертациялық кеңестің 15 отырысы өткізілді, оның ішінде философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін 11 (он бір) докторлық диссертация қорғалды.

Диссертациялық кеңестің ұйымдастыру мәселелері бойынша отырыстары – диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау, қорғау күнін және ресми рецензенттерді белгілеу, докторанттың диссертациясында авторы мен дереккөзі көрсетілмеген материалдың пайдаланылуын (плагиатты) тексеру үшін диссертациялық кеңес мүшелерінен комиссия құру – 4 рет өткізілді (№1 хаттама 19.01.2024 ж., №4 хаттама 12.04.2024 ж., №7 хаттама 01.11.2024 ж., №8 хаттама 27.11.2024 ж.).

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертацияларды қорғау бойынша 11 отырыс өткізілді:

1) Жирнова Ирина Александровнаның 8D08101 «Ауыл шаруашылығы дақылдарының генетикасы және селекциясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Молекулалық-генетикалық маркерлерді пайдалана отырып, тарының перспективті глютинозды формаларын шығару» тақырыбындағы диссертациясын қорғауы, №2 хаттама 23.02.2024.;

2) Нурлаби Айнур Ермекқызының 6D080700 «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Солтүстік-Шығыс Қазақстан орман экожүйесіндегі *Pinus sylvestris* L. және *Betula pendula* Roth. микоризалары» тақырыбындағы диссертациясын қорғауы, №3 хаттама 23.02.2024 ж.

3) Бостубаева Макпал Булатовнаның 8D08103 «Өсімдіктерді коректендірудің ғылыми негіздері және тыңайтқыштарды қолдану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Тұнба шөгінділерін органикалық тыңайтқышқа қайта өңдеудің микробиологиялық технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациясын қорғауы, №5 хаттама 24.05.2024 ж.

4) Макенова Меруерт Мейрамовнаның 8D08103 «Өсімдіктерді коректендірудің ғылыми негіздері және тыңайтқыштарды қолдану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Құс саңғырығын органикалық тыңайтқышқа қайта өңдеу технологиясын жасау және оны ауыл шаруашылығы дақылдарының егістіктерінде Солтүстік Қазақстанның дала және құрғақ дала аймақтары жағдайында қолдану» тақырыбындағы диссертациясын қорғауы, №6 хаттама 24.05.2024 ж.;

5) 8D08103 «Өсімдіктерді коректендірудің ғылыми негіздері және тыңайтқыштарды қолдану» білім беру бағдарламасы бойынша Шуменова Назымгүл Жолдасқызының «Микроб текті биотыңайтқыштардың жаңа түрлерін әзірлеу технологиясын жасау және олардың тиімділігін Солтүстік Қазақстан жағдайында майлы және астық дақылдарды өсіруде зерттеу» тақырыбындағы диссертациясын қорғауы, №9 хаттама 12.12.2024 ж. ;

6) Хамзина Бибигуль Нуркеновнаның 6D080800 Топырақтану және агрохимия мамандығы бойынша «Солтүстік Қазақстанның дала аймағында қышаның минералды коректенуін оңтайландыру жағдайлары» тақырыбындағы диссертациясын қорғауы, №10 хаттама 12.12.2024 ж. ;

7) Китайбекова Сара Оразбековнаның 6D080700 «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін

ұсынылған «Ақмола облысы «Бурабай» МҰТП мысалы ретінде орманның рекреациялық қызметін орман шаруашылық - экономикалық бағалау» тақырыбындағы диссертациясын қорғауы №11 хаттама 13.12.2024 ж.:

8) Зейнуллина Айым Ерболқызының 8D08101 «Ауыл шаруашылығы дақылдарының генетикасы және селекциясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Солтүстік Қазақстан жағдайына индуцирленген химиялық мутагенез негізінде шаруашылық құнды белгілері бар тарының (*Panicum miliaceum* L.) бастапқы материалын шығару» тақырыбындағы диссертациясын қорғауы №12 от 13.12.2024 ж.;

9) Әжімахан Мөлдір Әжімаханқызының 6D081100 «Өсімдік қорғау және карантин» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Отандық және шетелдік картоп өсімдіктерінің сорттарын картоптың Potato virus X төзімділігіне молекулалық-генетикалық тұрғыда негіздеу» тақырыбындағы диссертациясын қорғауы №13 хаттама 27.12.2024 ж. ;

10) Өсерхан Бекболаттың 6D080700 «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ақмола облысы «Ақкөл» ОШМ» КММ көшетжайы жағдайында кәдімгі карағай және сібір шыршасы отырғызу материалдарының сапасына және олардың өнімділігіне микоризаның әсері» тақырыбындағы диссертациясын қорғауы, №14 хаттама 27.12.2024 ж. ;

11) Шалдыбаева Айман Накановнаның 8D08301 «Орман ресурстарын тұрақты басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ақмола облысының кейбір бұталы өсімдіктерін өнеркәсіптік көгалдандыру үшін жерсіндіру» тақырыбындағы диссертациясын қорғауы, №15 хаттама 27.12.2024 ж. ;

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері анықталмады.

3. Оқу мекемесі көрсетілген докторанттар тізімі.

1) Жирнова Ирина Александровна, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ;

2) Нурлаби Айнур Ермекқызы, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ;

3) Бостубаева Макпал Булатовна, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ;

4) Макенова Меруерт Мейрамовна, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ;

5) Шуменова Назымгүл Жолдасқызы, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ;

6) Хамзина Бибигуль Нуркеновна, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ;

7) Китайбекова Сара Оразбековна, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті КеАҚ»;

8) Зейнуллина Айым Ерболқызы, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ;

9) Әжімахан Мөлдір Әжімаханқызы, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ;

10) Өсерхан Бекболат, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ;

11) Шалдыбаева Айман Накановна, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ.

4. Есептік жыл ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау, келесі бөлімдерді бөліп көрсету:

- 1) қарастырылатын жұмыстардың тақырыптарын талдау;
- 2) диссертациялар тақырыптарының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құратын ғылымның даму бағыттарымен байланысы және (немесе) мемлекеттік бағдарламалар;
- 3) диссертациялардың нәтижелерін тәжірибеге енгізу деңгейін талдау.

Жирнова Ирина Александровнаның диссертациясы.

1) қарастырылған жұмыстардың тақырыптарын талдау
«Молекулалық-генетикалық маркерлерді пайдалана отырып, тарының перспективті глютинозды формаларын шығару» диссертация тақырыбы өзекті, өйткені ауыл шаруашылығы өндірісінде және мемлекеттік тұқым инспекциясы жүйесінде тары дақылдарының ассортименті тым шектеулі. Батыс, Орталық, Солтүстік Қазақстан жағдайларына бейімделген жаңа сорттар шығару республика селекционерлерінің кезек күттірмейтін міндеті болып табылады. Азия елдерінде глютинозды тары ұзақ уақыт бойы өсіріліп келе жатқанына карамастан, Қазақстанда әлі күнге дейін глютинозды сорттарын селекциясы жүргізілмеген. Отандық селекция глютинозды тары сорттары нарықта мүлдем кездеспейді. Диссертацияның ғылыми жаңалығы – молекулалық-генетикалық әдістерді қолдана отырып, дәстүрлі селекция негізінде тарының отандық глютинозды бастапқы формаларын алу болып табылады.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;

Диссертация AP05131622 «Биохимиялық және молекулалық-генетикалық әдістер негізінде селекцияға тарының перспективті төмен амилозалы үлгілерін алу» ғылыми жобасы (2018-2020 жж.) «Өмір және денсаулық туралы ғылым» ғылым бағыты, 101 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» аясында және «Физиологиялық және биохимиялық әдістер негізінде тұз бен суыққа төзімділік негізінде тары (*Panicum miliaceum* L.) сорттық генофонды мен перспективалық линияларын скринингтік зерттеу» (2021-2022 жж.) «5. Агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуы және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі; 5.3 Интенсивті ауыл шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы» бағыты бойынша С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті қаржыландырылған жобалары аясында жүзеге асырылды.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Алғаш рет молекулалық маркерлердің көмегімен Қазақстандағы тарының бастапқы материалын зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жұмыста шығу тегі әртүрлі экологиялық-географиялық жинағы пайдаланылды. ұсынылған жұмыста дәстүрлі әдістерді де, молекулалық-генетикалық маркерлерді де пайдалана отырып, бастапқы материалды құруды қамтыды.

Нурлаби Айнур Ермекқызының диссертациясы.

1) қарастырылған жұмыстардың тақырыптарын талдау
«Солтүстік-Шығыс Қазақстан орман экожүйесінде *Pinus sylvestris* L. және *Betula pendula* Roth. микоризалары» диссертация тақырыбы өзекті, өйткені "Ертіс орманы" ормандары әртүрлі ағаштар, бұталар мен шөптесін өсімдіктер үшін бірегей биотоп болып

табылады, бұл өсімдік жамылғысының алуан түрлілігіне ықпал етеді. "Ертіс орманы" биоалуантүрлілігін неғұрлым егжей-тегжейлі зерделеу және оны сақтау жөніндегі шараларды әзірлеу үшін мемлекет, қоғам және ғылыми ұйымдар тарапынан ғылыми зерттеулерді талап етіледі. Бұл Қазақстан табиғатының бірегей мұрасын сақтап қана қоймай, осы өңірдің орнықты дамуын және оның табиғи байлығын болашақ ұрпақ үшін сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Алайда, басқа да табиғи қорықтар сияқты, Ертіс ормандары да ағаштарды заңсыз кесу, қоршаған ортаның ластануы және климаттың өзгеруі сияқты бірқатар қауіптерге тап болады. Сондықтан резерваттың бірегей биоалуантүрлілігін сақтау үшін оның ресурстарын қорғау және тұрақты пайдалану жөніндегі шараларды дайындау және іске асыру өзекті мәселе болып табылады.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;

Бұл диссертация жұмыс С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті КеАҚ мен «Ертіс орманы резерваты» МӨТР арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандум негізінде жүргізілді (20.08.2020). «Орталық және Солтүстік – Шығыс Қазақстанның негізгі орман құрайтын ағаштарының микоризалық макромицеттері және сүректі орман тұқымдастарының сеппелерін жасанды микориздеу үшін оларды пайдалану» атты жобасы негізде орындалды.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау

«Ертіс орманы» резерватында анықталған макромицеттерінің тізімі жалпы осы ауданның микобиотасы туралы ақпарат береді. Сонымен қатар, эктомикоризалық саңырауқұлақтарын қазіргі заманауи әдістерімен анықталған түрлерін көптеген жас ғалымдар осы деректерді өз жұмыстарында пайдалана алады.

Осы диссертацияның ғылыми-зерттеулерінен алынған нәтижелерді С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» кафедрасының «Орман питомникалық ісі» пәні бойынша оқу үрдісіне енгізілді.

Сонымен қатар, «Ертіс орманы» резерваты қарамағындағы Шалдай питомнигіне микоризалық тыңайтқыштардың қотыр қайың мен кәдімгі қарағай өскіндеріне әсерін сараптау мақсатында жасалған нәтижелер орман питомнигіне өндіріске енгізілді.

Бостубаева Макпал Булатовнаның.

1) қарастырылған жұмыстардың тақырыптарын талдау

«Лайлы тұнбаларды органикалық тыңайтқышқа қайта өңдеудің микробиологиялық технологиясын жасау» диссертация тақырыбы өзекті, лайлы тұнбаларды қайта өңдеудің экологиялық таза шешімдерінің бірі – лайлы тұнбаны басқа органикалық қалдықтармен бірге қордалау болып табылады. Компост құрамында ақуыздар, лигнин және целлюлоза сияқты табиғи биополимерлерді, сондай-ақ басқа органикалық молекулаларды ыдыратуға қабілетті әртүрлі микроағзалар болады. Лайлы тұнбаларды қордалау оның көлемін азайтуға мүмкіндік береді және бұл технологиялық үрдіс өртеумен салыстырғанда зиянды заттардың шығарындыларымен байланысты емес, экологиялық тұрғыдан қолайлы. Қордалау үрдісінде лайлы тұнбалар физикалық және химиялық өзгерістерге ұшырап, дезинфекцияланған, құрамы бай, тұрақты өнімге айналады.

Жоғарыда айтылған мәселелерге байланысты, лайлы тұнбалардан бөлініп алынған микроағзалар негізінде оны органикалық тыңайтқышқа дейін тиімді түрде қайта өңдеу, жағымсыз иістерді жою және агро-ландшафтық егіншілікте одан әрі пайдалану үшін биопрепараттарды әзірлеу өзекті мәселе болып табылады.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және (немесе)

мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;

Диссертациялық жұмыс 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында, 2022 жылдың 18-қазанында №250/30-22-24 келісім шартына сәйкес AP14871144 «Лайлы тұнбалар мен қалалық өсімдіктердің «жасыл» қалдықтарын отандық биопрепараттарды пайдалана отырып, органикалық тыңайтқышқа өңдеу технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы жоба шеңберінде жүргізілді.

3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау

Лайлы тұнбалардан жаңа микроағзалар штамдары бөлініп алынып, олардың биологиялық ерекшеліктері жан жақты зерттеліп, тиімді микроағзалар штамдары іріктелді. Бөлініп алынған тиімді микроағзалардан екі биопрепарат құрылып, олар өндірістік жағдайда лайлы тұнбаларды қордалау үшін қолданылды. Зерттеу барысында әзірленген қайта өңдеу технологиясы лайлы тұнбалар өндірісіне қатысы бар коммуналды шаруашылықтарда, кәсіпорындарда қолданыла алады. Агроландшафттық егіншілікте лайлы тұнбаларды қолдану зерттеулерінің нәтижелері көгалдандыру және абаттандыру саласында жұмыс жасайтын кәсіпкерлер үшін маңызға ие.

Макенова Меруерт Мейрамовнаның диссертациясы

1) қарастырылған жұмыстардың тақырыптарын талдау

«Құс саңғырығын органикалық тыңайтқышқа қайта өңдеу технологиясын жасау және оны ауыл шаруашылығы дақылдарының егістіктерінде Солтүстік Қазақстанның дала және құрғақ дала аймақтары жағдайында қолдану» диссертация тақырыбы өзекті, өйткені Солтүстік Қазақстанның топырақ – климаттық жағдайларының негізінде құс саңғырығының тиімділігін жоғарылату және қоршаған ортаға тигізер теріс әсерін, патогенді микрофлораны жою үшін микробиологиялық әдіспен қордалау таңдалды. Ол үшін құс саңғырығынан, Солтүстік Қазақстан аймақтары топырақтарынан целлюлозаны ыдыратушы, өсуді ыңғаландырушы, азотты бекітуші т.б. қасиеттерге ие тиімді микроағзалар штамдары бөлініп алынып, биопрепараттар әзірленді.

Қазақстанда, әсіресе Солтүстік Қазақстан жағдайында құс саңғырығының химиялық құрамы, ауыл шаруашылығы дақылдарына қолдану технологиясы және топырақ құнарлылығына тигізер әсері жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Осыған байланысты құс саңғырығының химиялық құрамын, әртүрлі табиғи климаттық жағдайда өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдары үшін оңтайлы мөлшерді анықтау, топырақтың агрохимиялық қасиеттеріне әсерін зерттеу өзекті болып отыр.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;

Диссертациялық жұмыс бойынша зерттеулер Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің 2018-2020 жылдарға арналған «Жаңа отандық биопрепараттардың көмегімен құс саңғырығын органикалық тыңайтқышқа өңдеу технологиясын әзірлеу және оларды өсімдік шаруашылығына енгізу» тақырыбындағы Дүниежүзілік банктің қаржыландыруы аясындағы жоба (тіркелу номері № 0221РКК0001) және Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған «Қазақстанның солтүстік облыстары топырағының табиғи құнарлылығын арттыру және экологиялық таза ауыл шаруашылық өнімдерін алу мақсатында биологиялық тыңайтқыштарды қолдану әдістерін әзірлеу» тақырыбындағы ғылыми жобаларының фрагменті болып саналады (тіркелу номері № BR10764907).

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау

Құс саңғырығын органикалық тыңайтқышқа қайта өңдеудің микробиологиялық технологиясы бойынша практикалық ұсыныстар жасалды, берілген практикалық ұсыныстар құс фабрикаларының маңайындағы қалдықты жоюға мүмкіндік берді. Ақмола облысының оңтүстік қара топырақтарының азот, фосфор және калий режимдерінің құс саңғырығы негізіндегі органикалық тыңайтқыштың әртүрлі мөлшерінің әсерінен өзгеру динамикасы анықталды. Зерттеу нәтижелеріне талдау жасау негізінде, солтүстік Қазақстанның дала және құрғақ дала аймағы жағдайында ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру кезінде (бидай, арпа, майлы зығыр) құс саңғырығы негізіндегі органикалық тыңайтқыштың көктемде себу алдында 10 т/га мөлшерін енгізу, ал күз мезгілінде бидай егістіктеріне 30 т/га енгізу онтайлы мөлшер ретінде ұсынылды.

Диссертация материалдары агрохимия, топырақтану, экология бойынша дәріс материалы ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Шуменова Назымгүл Жолдасқызының диссертациясы

1) қарастырылған жұмыстардың тақырыптарын талдау

«Микроб текті биотыңайтқыштардың жаңа түрлерін әзірлеу технологиясын жасау және олардың тиімділігін Солтүстік Қазақстан жағдайында майлы және астық дақылдарды өсіруде зерттеу» диссертация тақырыбы өзекті, өйткені Қазақстанда топырақ құнарлылығын, ауруларға қарсы иммунитетті және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруда тиімді жоғары аборигендік штамдар негізінде құрылған биотыңайтқыштар өндіру айтарлықтай төмен деңгейде.

Бұл ең алдымен, Солтүстік Қазақстан күрт континентальды топырақ-климаттық жағдайларына бейімделген азотты бекітетін, өсуді ынталандыратын және фунгицидтік қасиеттері бар тиімді штамдардың кеңінен қолданылмауымен байланысты. Жоғарыда айтылғандарға байланысты фитопатогендік микроағзаларға қарсы фунгицидтік қасиеті, кешенді ынталандырушы әсері бар топырақ микроағзаларының негізінде өсімдіктердің өсуі мен дамуына, топырақ құнарлылығына және агроценоздағы экологиялық тепе-теңдікті сақтауда қолданылатын биологиялық тыңайтқыштарды жасау және өсімдік шаруашылығында қолдану өзекті мәселелер қатарына жатады. Алынған жұмыстар нәтижелері бұрын жасалған зерттеулердің нәтижелерімен салыстырмалы түрде бағалау негізінде жүргізіліп дәлелденді. Диссертациялық жұмыста ұсынылған нәтижелер кемінде үш рет қайталыммен жылдар бойынша жүргізілген зерттеулер барысында алынды және статистикалық өңдеу әдістерін корреляциялық талдауларды қолдана отырып өңделді, мұнда эксперименттерді жүргізудің нақты дәлдік деңгейі және алынған нәтижелердің сенімділігі анықталған. Үш жылдық зерттеу жұмыстары биотехнологиялық, агрономиялық және микробиологиялық зерттеулерді орындауда арнайы әдістері қолданылып, зертханалар мен ҚР стандарттары қолданылды. Зерттеу барысында пайдаланылған құрал-жабдықтар мен материалдар нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келеді.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;

Диссертациялық жұмыс С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының ішкі гранттық қаржыландыру аясында (1 ВГФ/22) 2021-2022 жылдарда жасалған ғылыми жоба «Триходермин-KZ отандық биофунгицид өндірісінің биотехнологиясын әзірлеу ауыл шаруашылығы дақылдарын аурулардан қорғау» (тіркелу номері №0121RK10158) бойынша дайындалды және Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған «Қазақстанның солтүстік облыстары топырағының табиғи құнарлылығын арттыру және экологиялық таза ауыл шаруашылық өнімдерін алу мақсатында биологиялық

тыңайтқыштарды қолдану әдістерін әзірлеу» тақырыбындағы ғылыми жобаларының фрагменті болып саналады (тіркелу номері № BR10764907).

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау

Ақмола облысының қара және күнгірт қара-қоңыр топырақтарында таралған актиномицеттердің таралуы зерттеліп, облыс топырақтарында *S. cirratus*, *S. parvus*, *S. xantholiticus*, *S. sindenensis*, *S. microsporus*, *S. badius*, *S. pratensis*, *S. staurosporininus*, *S. griseus*, *S. ambofaciens*, *S. auratus*, *S. natalensis* және *S. platensis* сияқты түрлері жиі кездесетіні анықталды. Құрамында *Streptomyces xantholiticus* шт.7, *Streptomyces microsporus* шт.12, *Streptomyces sioyaensis* шт.41 штамдары кіретін "Аграрка" биотыңайтқышын жасау технологиясы әзірленді. *Trichoderma* саңырауқұлақтарының тиімді штамдары негізінде 6 түрлі консорциум құрастырылып, саңырауқұлақтардың әртүрлі штамдарының өзара үйлесімділігі бойынша болашақта биотыңайтқыш жасауға жарамды 3 консорциум жан-жақты зерттелді.

Ақмола облысының оңтүстік қара топырақтарының азот, фосфор және калий режимдерінің биотыңайтқыштың әсерінен өзгеру динамикасы анықталды. Солтүстік Қазақстан жағдайында жаздық арпа және майлы зығыр дақылдары тұқымдарын себер алдында "Сомпро-MIX", "Агро-MIX" және "Триходермин-KZ" биотыңайтқыштарымен өңдеу топырақтың биологиялық белсенділігі мен агрохимиялық құрамын жақсартады және дақылдардың өнімділігін арттырады.

ХамзинҒ Бибигуль Нуркеновнаның

1) қарастырыған жұмыстардың тақырыптарын талдау

Тема диссертациясы «Солтүстік Қазақстанның дала аймағында қышаның минералды қоректенуін оңтайландыру жағдайлары» өзекті, өйткені Майлы дақылдарға әлемдік сұраныстың артуы майлы дақылдардың жекелеген түрлерін өсіруді ынталандырады. Мұндай құнды дақылдардың бірі – қыша, ол еліміздің 6 облысында 35,4 мың гектар алқапта өсіріледі, бұл оның халық шаруашылығындағы маңыздылығын және әлемде майбұршақ, рапс, күнбағыс және зығырдан кейінгі негізгі майлы дақылдардың бестігіне кіруін көрсетеді. Қазіргі уақытта қыша өсірудің агротехнологиясы, егу әдістері мен селекциясы мәселелері бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің деректері жеткілікті. Сондай-ақ минералды және органикалық тыңайтқыштарға қыша сезімталдығы туралы деректер бар. Алайда, бұл жұмыстар қышаның топырақтың минералдық қоректену жағдайлары мен топырақтың сапалы құнарлылығын ескере отырып минералдық тыңайтқыштарға сезімталдылығын толық ашып көрсетпейді. Осы міндеттерді шешу үшін Солтүстік Қазақстанның ерекше топырақ-климаттық жағдайларын саралап ескере отырып, оларға қатысты дақылдың биологиялық ерекшеліктерін зерделеу қажеттілігі туындады. Қазіргі уақытта бұл мәселелер өзекті және оларды жеткіліксіз зерттеу мәдениетті объективті бағалауға мүмкіндік бермейді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қыша - бұл Солтүстік Қазақстанда өсіру әртараптандыру және топырақ құнарлылығы деңгейін арттыру жағдайында еліміздің ауыл шаруашылығын одан әрі көтерудің, ауыл шаруашылығы өндірісінің орталық міндеті болып табылатын дақылдардың үздіксіз өсуін қамтамасыз етудің бір жолы болатын дақыл екенін атап өткен жөн.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;

Диссертация өз қаражаты есебінен орындалды.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау

Жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесінде Солтүстік Қазақстанның дала аймағында қышаны өсіру кезінде топырақ жағдайларын ескере отырып, минералды

тыңайтқыштардың оптималды нормалары анықталды. Бұл өнімділікті арттыру және ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін көтеру мақсатында жүзеге асырылды. Қышанын минералды коректенуін оңтайландыру жөнінде ұсыныстар берілді.

Китайбекова Сара Оразбековнаның диссертациялық жұмысы

1) қарастырылған жұмыстардың тақырыптарын талдау

«Ақмола облысы “Бурабай” МҰТП мысалы ретінде орманның рекреациялық қызметін орман шаруашылық- экономикалық бағалау» диссертация тақырыбы өзекті, Ормандардың климатты жақсартудағы ерекше рөлі бұрыннан белгілі, олар жаһандық жердегі экожүйедегі ең үлкен көміртегі қоры болып табылады, осылайша атмосферадағы СО₂ концентрациясын азайтуда және жаһандық жылынуды болдырмауда маңызды рөл атқарады. Соңғы екі онжылдықта әлемнің көрнекті ғалымдары мен саясаткерлері адамзат үшін ең маңызды мәселені шешудегі ормандардың рөлі туралы көп айтылған болатын, олардың еңбектерінің нәтижелері негізінде көміртегі тепе-теңдігі квотасын мемлекетаралық алмасу механизмдері біртіндеп жүзеге асырыла басталды.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-ші сессиясының жалпы саяси пікірталастарында, ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев климаттың өзгеру проблемаларын талқылай отырып, республика экономиканы жүйелі трансформациялау және өнеркәсіпті жаңғырту есебінен парниктік газдар шығарындыларын 2030 жылға қарай 15% - ға қысқартуды жоспарлап отырғанын атап өтті. Сонымен қатар, алдағы бес жылда екі миллиардтан астам ағаш көшеттерін отырғызуды жоспарлап отыр. Қазіргі таңда республикадағы орман шаруашылығы және басқа да табиғатты қорғау ұйымдары ел Президентінің осы тапсырмасын жүзеге асыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарып жатыр. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына кезекті Жолдауында елдегі туристік әлеуетті дамыту қажеттілігіне тағы да ерекше назар аударды.

Адамзат күнделікті өмірде және қызметте үнемі табиғи ресурстармен тікелей байланыста болады және оларды өз қажеттіліктеріне пайдаланады. Бірақ уақыт өте келе келеңсіз табиғи құбылыстардың, жүйесіз және негізсіз тұтынудың нәтижесінде олардың біртіндеп сарқылуы байқала бастады, бұл адамдарды ұтымды пайдалану, табиғи ресурстардың сақталуын қамтамасыз ету және оларды бағалау туралы ойлауға итермеледі. Өз зерттеулерінде А.А. Минц (1972) өндіргіш күштердің дамуы мен халықтың көбеюінен туындаған табиғи энергия мен материалдарға деген қажеттіліктің күрт өсуі сөзсіз осы қажеттіліктерді қанағаттандыру көздері туралы сұраққа - Жердің табиғи ресурстарына көбірек жүгінуге мәжбүр ететінін атап өтті.

Табиғи ресурстарды бағалау күрделі экономикалық міндет болып табылады, бірақ оған көптеген елдердің ғалымдары, соның ішінде бұрынғы КСРО республикаларында көптеген әдістер әзірленіп, оларға көп көңіл бөлінді. Кейіннен олардың негізінде нақты әдістер дайындалды және олар бойынша бірқатар өңірлердің орман ресурстарын (Л.И. Ильев, И.В. Туркевич және т. б.) экономикалық бағалау бойынша эксперименттік есептеулер жүргізілді. Қазақстанда алғашқылардың бірі болып орман ресурстарын кадастрлық-экономикалық бағалау саласындағы іргелі ғылыми зерттеулерді С.Б. Байзақов жүргізген болатын.

Ғылыми жаңалығы табиғи парктің экологиялық және рекреациялық рөлінің айтарлықтай өсуіне байланысты республикада, орманшылық-экономикалық бағалау, курорттық ормандар бойынша ғылыми зерттеулерді жетілдіруді қажет етеді. Жаппай демалыс маусымында ұлттық парк аумағында республикамыздың, жақын және алыс шетелдердің әртүрлі аймақтарынан келетін рекреациялық қызметтерді пайдаланушылардың едәуір саны шоғырланады. Сауалнама әдісін қолдана отырып, келушілер мен демалушылардың табиғи құндылықтарға қатынасы анықталды. Экожүйелік қызметтерді құндық бағалаудың әртүрлі әдістерін қолдану негіздемесі берілді, олардың нәтижелеріне егжей-тегжейлі талдау жүргізілді, олардың негізінде экожүйелердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қорытындылар жасалды,

биоалуантүрліліктің тұрақты дамуы бойынша орман шаруашылығы және биотехникалық іс-шаралар ұсынылды.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;

Орман шаруашылығы бойынша зерттеу деректері - табиғи парктер мен резерваттардың экожүйелік қызметтерін экономикалық бағалау, ЖЭҚ-Қазақстан Республикасы Үкіметінің БҰҰДБ №2016-57 с/а «Жаһандық экологиялық келісімдер шеңберінде

шешім қабылдауды және міндеттемелерді орындауды басқаруды жақсарту үшін экономикалық бағалау механизмдері» жобасы шеңберінде алынды.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау

Зерттеулердің практикалық маңыздылығы мынада: Алынған нәтижелер ормандардың реттеуші экожүйелік және рекреациялық қызметтерінің ақшалай құнын анықтауға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер бірегей тау, орман және көл экожүйелерінің барынша сақталуын қамтамасыз етуді көздейтін рекреациялық қызметті одан әрі жетілдірудің сенімді құралы болады. Зерттеу көлемін көрсететін эксперименттік материалдың едәуір мөлшерімен, респонденттердің жаппай сауалнамалық сауалнамасының мәліметтерімен, өңдеудің математикалық әдістерін кеңінен қолданумен, мәліметтердің дұрыстығын егжей-тегжейлі талдаумен және бағалаумен расталады. Экономикалық есептеулерді жүргізу үшін жалпыға қолжетімді статистикалық мәліметтер және ұсынылатын қызметтердің нарықтық бағасы пайдаланылды.

Зейнулла Айым Ерболқызының диссертациясы

1) қарастырылған жұмыстардың тақырыптарын талдау

«Солтүстік Қазақстан жағдайында индуцирленген химиялық мутагенез негізінде шаруашылық-құнды белгілерімен тарының (*Panicum miliaceum* L.) бастапқы материалын шығару» диссертациясының тақырыбы өзекті, себебі Мутациялық селекция әдісінің тиімділігі оның өсімдік шаруашылығы саласындағы әртүрлі мәселелерді шешу үшін дүние жүзінің көптеген елдерінде кеңінен қолданылуымен дәлелденді. Пайдалы белгілері мен қасиеттері бар алынған мутанттар будандастыру бағдарламасында ата-аналық жұптарды таңдауда өнімді донор ретінде тікелей пайдаланылады. Генетикалық өзгергіштікті арттырудағы мутацияның рөлі және өнімділік, ерте пісетіндік, бір түйіршік пен өсімдіктегі дәндердің саны, биотикалық және абиотикалық стресстерге төзімділік, дән сапасы сияқты құнды белгілер бойынша таңдау қарқыны әртүрлі дақылдармен зерттелді. Мутанттардың көбінесе құнды белгілері бар, өйткені олар жаңа, бұрын белгісіз пайдалы қасиеттерді көрсете алады. Сонымен қатар, мутагенез әдісі тары сияқты ұсақ дәнді дақылдарды будандастыру кезінде кездесетін техникалық қиындықтарды жеңілдетеді. Осыған байланысты химиялық мутагенез әдісін қолдану қазіргі кезде тары шаруашылығында өзекті бағыт болып табылады. Индукцияланған мутагенез қысқа мерзімде әртүрлі морфологиялық, генетикалық және шаруашылық-құнды белгілері бар бастапқы материалды шығаруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде шынайы мутациялардың жиілігі мен диапазонын арттырады.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;

Зерттеу жұмыстары 2022-2024 жж. аралығындағы AP14870014 «Отандық құрғақшылыққа төзімді жана тары сорттарын жасауда ДНҚ технологияларын

селекциялық және генетикалық зерттеулерде қолдану» атты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландыратын жобасы шеңберінде жүргізілді.

Диссертация танаптық және зертханалық жағдайда жүргізілді. А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының коллекциялық питомнигінде танаптық тәжірибелер жүргізілді. Молекулалық-генетикалық және цитогенетикалық зерттеулер Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің ауылшаруашылық биотехнологиясының ғылыми-зерттеу платформасында, «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-де, биотехнология, физиология, өсімдік биохимиясы және өнім сапасын бағала зертханасында.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау

Зерттеу нәтижелері бойынша химиялық индукциялық мутагенез және молекулалық-генетикалық талдау негізінде алынған тары дақылының бастапқы материалын шығарудың теориялық негіздері берілген. Тары дақылының мутагендерге сезімталдық дәрежесі негізінде концентрацияның тиімді градациялары және тұқымдық өңдеудің экспозициясы анықталды. Индукциялық мутагенез әдісін қолдану бастапқы материалмен салыстырғанда тарының мутант формаларының вегетациялық кезеңінің ұзақтығын қысқартты, бұл өз кезегінде селекциялық бағдарламаларда ерте пісетін формаларды алуға мүмкіндік береді.

Әжімахан Мөлдір Әжімаханқызының диссертациясы

1) қарастырылған жұмыстардың тақырыптарын талдау

«Отандық және шетелдік картоп өсімдіктерінің сорттарын картоптың Potato virus X төзімділігіне молекулалық-генетикалық тұрғыда негіздеу» диссертациясының тақырыбы өзекті, себебі Қазақстан Республикасында да картоп көптеген аурулармен залалдануға бейім, олардың ішінде вирустар ерекше маңызды орын алады. Картоптың X вирусы барлық континенттерде кең таралған вирустардың бірі болып табылады және ол механикалық жолмен оңай таралады. Оның таралуы және ауылшаруашылық дақылдарына әсері картоптың сортына, қоршаған орта жағдайларына, белгілі бір штаммның патогенділігі және басқа вирустармен әрекеттесуі сияқты бірқатар факторларға байланысты өзгеруі мүмкін. Таралу жолдарының сипаттамаларын ескере отырып, X вирустан картопты қорғауға кешенді көзқарасты талап ететін негіздеуге болады. Ғылыми әзірлемелердің, заманауи ауылшаруашылық тәжірибелерінің және белсенді мониторингтің үйлесімі арқылы X-вирустың картоп өндірісіне әсерін барынша азайтуға мүмкіндік береді. Төзімді сорттарды таңдау арқылы жағдайды айтарлықтай жақсартуға болады. Жоғарыда келтірілген мәселелер мен оларды шешу жолдары диссертациялық жұмыстың өзектілігін көрсетеді.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;

Диссертациялық жұмыс келесі жобалар аясында орындалды - AP14870270 «Отандық және шетелдік картоп сорттары мен будандарының негізгі вирус, нематод ауруларына және фитотрофозға төзімділігін молекулалық-генетикалық негіздеу», қаржыландыру көзі – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті (2022–2024 жж.);

AP22685460 – «Картоптың перспективті сорттары мен будандарының негізгі кең таралған вирустарға және карантиндік зиянды организмдерге төзімділік гендерінің корреляцияланған тұқымқуалауын негіздеу»; Халықаралық ғылыми бағдарлама – «ҚХР

және Қазақстан Республикасының генетикалық ресурстары негізінде перспективті картоп үлгілерін шығару», 2020–2024 ж.;

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау

Практикалық және теориялық маңыздылығы отандық картоп сорттарының вирустық қоздырғыштарға төзімділігін анықтау және картоп шаруашылығында PVX -ға төзімді жаңа сорттар жасау үшін пайдалануға болады. Диссертациялық жұмыстың ғылыми зерттеу нәтижесінде: "Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ҒЗИ" ЖШС-де картоптың жаңа сорттарын құрудың селекциялық үрдісіне; "Bio Nord" ЖШС-де және "Олжа Ақ-құдық" ЖШС-де картоптың перспективті вирусқа төзімді сорттарын сипаттау түрінде тұқым шаруашылықтарына ұсыныс беріліп, енгізу актісі алынды.

Диссертация Өсерхан Бекболат

1) қарастырылған жұмыстарын тақырыптарын талдау

«Ақмола облысы «Ақкөл» ОШМ» КММ көшетжайы жағдайында кәдімгі қарағай және сібір шыршасы отырғызу материалдарының сапасына және олардың өнімділігіне микоризаның әсері» диссертациясының тақырыбы өзекті, өйткені орман екпелерін құру үшін тұрақты орман тұқымбақтарында стандартты отырғызу материалын өсіру қажет. Отырғызылатын материалдың сапасы көп жағдайда оны тұқымбақта өсірудің агротехникалық әдістеріне (тыңайтқыштар, жапырақты қоректендіру, тұқымдарды себу алдында дайындау және т.б.) байланысты. Бұл факторлар отырғызылатын материалдың физиологиялық көрсеткіштеріне және орман екпелерінің ауданына сеппе көшеттерді отырғызудан кейінгі жерсінуіне де әртүрлі әсер етеді. Орманды көбейтудің тиімді жолдарының бірі стандартты отырғызу материалын жаңа технологиялар арқылы өсіру болып табылады. Стандартты отырғызу материалдарын тұқымбақтарда өсірудің жаңа технологияларының бірі ол микоризалы жасанды жұқтыру әдісін қолданып сеппелерді өсіру.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;

2018-2020 жылдарға арналған Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді орындау жөніндегі бағдарлама 267 "білім мен ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру" бюджеттік бағдарламасы бойынша 101 "Ғылыми зерттеулер мен іс-шараларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру" кіші бағдарламасы 156 "Консалтингтік қызметтер мен зерттеулерге ақы төлеу" ерекшелігі бойынша: br06249252 - "орталық және Орталық орман құрайтын негізгі жыныстардың Микоризальды макромицеттері" Солтүстік Шығыс Қазақстан және оларды орман ағаш түрлерінің көшеттерін жасанды микоризациялау үшін пайдалану"

3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Зерттеулердің тәжірибелік маңызы «Ақкөл» ОШММ орман тұқымбағы жағдайында *P. sylvestris L.* және *P. obovata Ledeb.* сеппе көшеттеріне жасанды микоризалау әдістері қолданылды, микоризаланған ұштарды анықтау мақсатында сеппелердің тамыр жүйесі қазылып, тамыр үлгілері жиналып, микоризаланған тамыр ұштарындағы микориза түрлері анықталды. Ормандардан микоризалы макромицеттерді жинау үшін үлгі алаңдары салынды, микоризалы макромицеттер фотот суреттерге түсіріліп, әр үлгіге әдістеме бойынша карточкалар толтырылды. Ормандағы сынақ алаңдарынан жиналған макромицет үлгілері жасанды ортада арнайы ыдыста өсіріліп, таза екпе күйінде өсіп шыққан макромицет үлгілерінің штаммдары қалдырылды.

Диссертация Шалдыбаевой Айман Накановны

1) қарастырылған жұмыстардың тақырыптарын талдау

«Ақмола облысының кейбір бұталы өсімдіктерін өнеркәсіптік көгалдандыру үшін жерсіндіру» диссертация тақырыбы өзекті актуальна, пӨйткені интродукция бойынша нақты материалдарды талдау нәтижелері, интродукцияланған отырғызу материалдары мен кесінділер басқа әдістерді практикалық қолданумен негізделген. Қалалық ортада топыраққа бейімделген ағаш-бұта өсімдіктері өседі, олардың отырғызу материалы жоғары бағаланады, сондай-ақ тұзға төзімділігімен, топырақты қалпына келтіру қабілетімен, декоративті және экологиялық артықшылықтарымен ерекшеленеді. Алайда қазіргі уақытта Ақмола облысы аумағында отырғызу материалы өсірілетін орман питомниктерін құру қажеттілігі бар, өйткені олардың саны жеткіліксіз. Сонымен қатар, интродуценттердің ықтимал әсерін жергілікті экожүйеге мұқият зерттеу және бағалау қажет, интродуценттердің таралуы немесе табиғи қауымдастықтағы экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы сияқты жағымсыз әсерлерді болдырмау үшін.

Қалалық ортада интродуценттерді өсіру кезінде олардың түрлік құрамын таңдауда жергілікті халықтың қажеттіліктері мен артықшылықтарын ескеру маңызды. Алайда, интродуцентті отырғызу материалдарын өсіру жолында тәжірибелік ұсынымдар жоқ, ал Ақмола облысы мен нақты Астана қаласы аумағында жерсіндірілген түрлерден тұратын заманауи көжетжайларды құруда қолданылатын түрлер құрамы олардың климаттық және т.б. факторларға төзімділігі туралы мәселесі бүгінгі күнге дейін шешілмеген. Астана қаласының урбанизациясы, басқа қалалар сияқты, дендрофлораны қоса алғанда, қоршаған ортамен үйлеседі. Сондықтан мәдени дендрофлораны сәндік, жемістік және дәрілік қасиеттері бар өсімдіктермен толықтыру қалалық ландшафтты жоспарлау мен экологиялық тұрақтылықтың маңызды аспектісі болып табылады.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;

Зерттеулер бастамашылық тақырып аясында жүргізілді.

3) Диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау

Диссертациялық жұмыста бұталардан алынған отырғызу материалдарын өсірудің әртүрлі әдістері мен технологияларын зерттеудің нәтижелері ғылыми негізделген және олар көгалдандыру тәжірибесінде қолданылуға ұсынылады. Интродуцент түрлердің бейімделуі, жерсінуін зерттеу нәтижелері: қоғамдық, жеке мекемелер, өнеркәсіптік аумақтарды көгалдандыруда бұталардың ассортиментін таңдау және жасанды орман өсіру тәжірибесінде қажет.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (сапасыз рецензиялардың мысалдарымен).

Ресми рецензенттер диссертациялық жұмыстар бойынша диссертациялық кеңестің отырыстарында бекітілді – олар докторанттардың зерттеулері саласындағы жетекші отандық ғалымдар болып табылады, қажетті ғылыми жарияланымдарға ие және ғылыми бюджеттік бағдарламаларға қатысу тәжірибесі бар. Ұсынылған жазбаша пікірлер диссертациялық кеңес туралы үлгілік ереженің талаптарына сәйкес дайындалды және оларда докторант зерттеулеріне объективті баға беріліп, тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы шешім шығарылды. Осылайша, ресми рецензенттердің жұмысы қойылған талаптарға сәйкес болды. Сапасыз пікірлер анықталған жоқ.

Сапасыз пікірлер анықталған жоқ.

Керісінше, диссертациялық жұмыстарды бағалауда ерекше мұқияттылық танытып, мәселелерді жан-жақты қарастырып, талдау жүргізіп, ерекше тәсіл мен терең білімді талап ететін көрсеткіштерді зерттеген ресми рецензенттерді атап өткіміз келеді. Кейбір диссертациялық жұмыстар агрономия мен өсімдіктер генетикасы, орман шаруашылығы

мен орман экономикасы, селекция мен өсімдіктерді қорғау сияқты ғылымдар тоғысында орындалғанын ескере отырып, зерттеулердің дамуына ерекше көзқарастар мен мүмкіндіктер ұсынған келесі рецензенттерді атап өткен жөн - Тохетова Лаура Ануаровна – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, «Аграрлық технологиялар» кафедрасының профессоры, «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ, Қызылорда қ.; Нуржанова Асыл Аруновна – биология ғылымдарының докторы, өсімдіктер физиологиясы және биохимиясы зертханасының бас ғылыми қызметкері, РМҚ «Биология және өсімдіктер биотехнологиясы институты», Алматы қ.; Рамазанова Раушан Хамзаевна – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, топырақтану және агрохимия мамандығы бойынша, доцент, «Успанов атындағы топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты» ЖШС басқарма төрайымы, Алматы қ.; Сарбаев Амангелді Таскалиевич – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, АШҒА академигі, жетекші ғылыми қызметкер, өсімдіктерді қорғау және иммунитет зертханасы, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Алматы қ.; Какимжанова Алмагүл Апсалямовна – биология ғылымдарының докторы, доцент, өсімдіктер биотехнологиясы және селекциясы зертханасының меңгерушісі, РМҚ «Ұлттық биотехнология орталығы» Ғылым комитеті, ҚР БҒМ, Астана қ.; Кертешев Талғат Сейітович – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент, «Орман ресурстары, аңшылықтану және балық шаруашылығы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.

1. Алдын ала диссертация қорғауды жүргізу кезінде диссертацияны докторантпен, ғылыми консультантпен аффилиациясы жоқ, сондай-ақ диссертация орындалған ғылыми жобаларға қатысы жоқ мамандарға рецензиялауға беру қажет. Бұл жұмыстың неғұрлым объективті және сапалы бағалануын қамтамасыз етеді.

2. Диссертациялық кеңеске құжаттарды тапсыруға дейін алдын ала қорғауға ерекше назар аудару қажет. Жұмыс докторантура бағдарламасы аясында оқыту нәтижелеріне сәйкес болуы тиіс.

3. Соңғы уақытта докторанттың бастапқы мамандығы мен докторантура бағытының сәйкес келмеу жағдайлары жиілеп кетті. Бұл докторантураға қабылдау ережелеріне қайшы келмегенімен, сапалы дайындық үшін алынған деректерді зерттеу барысында апробациялауға ерекше назар аудару қажет. Яғни, ғылыми конференцияларда баяндама жасау, конференциялар жинақтарында жариялау арқылы диссертация тақырыбы бойынша алынған нәтижелерді осы саладағы мамандар арасында талқылауға ұсыну қажет.

4. Диссертациялардың міндетті түрде қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында, докторантураны аяқтаған ізденушілермен, олардың ғылыми консультанттары арқылы, жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Бұл олардың қорғауға уақытылы шығуын ұйымдастыруға немесе оқу аяқталғаннан кейін екі жыл ішінде диссертацияны қорғауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

7. Дайындық бағыттары бойынша философия докторы (PhD), доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялар саны:

Кадрларды даярлау бағыттары бойынша бейіні бойынша:

- 8D081 – «Агрономия» даярлау бағыты бойынша

- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар - 7;
- 2) диссертациялар қараудан шығарылды - 0;
- 3) рецензенттерден теріс пікірлер алынған диссертациялар - 0;
- 4) қорғау қорытындысы бойынша теріс шешімі бар диссертациялар - 0;
- 5) қайта қарауға жіберілген диссертациялар - 0;
- 6) қайта қорғауға бағытталған диссертациялар - 0.

- 8D083 – «Орман шаруашылығы» даярлау бағыты бойынша

- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар - 4;
- 2) диссертациялар қараудан шығарылды - 0;
- 3) рецензенттерден теріс пікірлер алынған диссертациялар - 0;
- 4) қорғау қорытындысы бойынша теріс шешімі бар диссертациялар - 0;
- 5) қайта қарауға жіберілген диссертациялар - 0;
- 6) қайта қорғауға бағытталған диссертациялар - 0.

Диссертациялық
кеңестің төрағасы

Сарсекова Д.Н.

Диссертациялық кеңестің
ғылыми хатшысы

Байтеленова А.А.

«10» _____ 2025 жылы



«10» _____ 2025 жылы

«Seifullin атындағы Қазақ агротехникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Д. Н. Сарсекованың

А. А. Байтеленованың қолын растаймын:

Ғалым - хатшы Д. Н. Сарсекованың